

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

ТРИБУНА

Общественно-политическая газета

Основана 12 сентября 1931 года

Солнце: Восход 9.17
Заход 17.10
Долгота дня: 7.53

23
декабря
2010

№ 52 (8283)

Луна: Восход - 19.43
Заход - 10.36

ШЫҚҚАН БИГІМІЗ - ТӘУЕЛСІЗДІктің ТАРТУЫ

1991 жылы желтоқсанның 16-да еліміздің тәуелсіздігі жарияланған соң көптеген елдер Қазақстанды мойындап, тани бастады. Тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде қазақ елінің қадір - қасиеті төрткүл дүниеге танылып келеді. Айрандай ұйып отырған бірліктің арқасында он тоғыз жылыдың ішінде еліміз ғасырлар бойы қалыптасатын құндылықтарды аз ғана уақыт ішінде жасап үлгерді.

Тәуелсіз ел болғаннан бергі жылдар ішіндегі өткен жол, шыққан белестерді, баға жетпес жауһарларымызды, алтын әріппен жазып, келешек ұрпаққа еншісіне қалдыруға жетерлік тарихнама қалдырудамыз десек артық айтқандық емес. Ерте замандардан бері жер бетінде қоғамымызға ықпал етіп, «адамдарды басқарудың мемлекеттен басқа формасы болған емес», - дейді даналарымыз. Қилы замандарда қағанат, патшалық, хандық деп аталған түпкі мақсаттағы ұғым - мемлекет дегенді білдіріп тұрғаны айтусыз - ақ анық көрініп тұр. Адамзат баласында мемлекет жайлы, оның пайда болу алғышарттарымен маңызы турасында, ел басқарудың түрі мен тәсілдері жайындағы маңызды ой - толғамдар, зерттеулер, пікірталастар мыңдаған жылдардан бері үздіксіз жалғасып келеді. Соның ішінде өз алдына дербес ел атанып отырған Қазақ елінің мемлекеттік тұрғыдағы тарихын таңба басқандай анық етіп жазып қалдыру тарихшылар мен жазушыларымызға жүктелген үлкен жауапкершілік.

Ел - жұртымыз ғасырлар бойы аңсап өткен азаттыққа қол жеткізді. Небәрі 20 жылдың ішінде Қазақстанды әлем мойындады. Елбасымыз Н.Назарбаев «Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, небір тар жол, тайғақ кешулерден сурінбей өтіп, өлеуметтік, экономикалық, саяси жаңару жолында түскен Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар абыройлы мемлекетке айналды», - деп жазды.

Біздің ертедегі бабаларымыз алтынмен апталып, ақ орданың ішінде алтын тақта отырған. Тарихта қазақтар десе дөлекесі қашатын «көшпенділер» деген сөздің қосақтала жүретіні кез-келген адамды ойландырмай қоймайды. Шын мәнісінде ұлы даламыздың ежелгі тұрғындары жел айдаған қаңбақтай көше бермеген. Олардың ата қонысы, жаз жайлауы, қыс қыстауы, іргелі қалалары, шекарасы, орныққан ордалары болған. Ен даланы еркін жайлаған ел мемлекеттіліктің өзіндік үлгісін қалыптастырған, дала демократиясын орнықтырып, сөз бостандығы салтанат құрған. Өз кезегінде Еуразия даласын ат тұяғымен дүбірлеткен қаһарман халық осынау кеңістікке толық ықпалын жүргізген. Шығыстағы Қытайдың аяқ тартуы, Батыстағы беті жаудан қайтпаған Ескендір Зұлқарнайынның әскері тас-талқан болып, кері шегінуі, Дарий патшаның тауы шағылынып, Кир патшаның ұлы даланы дүр еткізген Томирисінің қолынан өлуі, бәрі-бәрі бабаларымыздың туған жерін жанқиярлықпен қорғай білудегі қаһармандық пен ерліктері еді. Тіпті ақын - жырауларымыздың өзі, батырларымызды былай қойғанда:

Біз - қазақ деген қырда қой баққан елміз,

Жүйрік жаратып, қымызға бие байлапқан елміз.

*Дәм - тұзды ақтай білген,
Достықты сақтай білген,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!*

Төрімізден құт - береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп,

Туырлыққа - ту іліп, Қыннан қылыш суырып,

Көк найзаның ұшына күдері үкі таққан елміз!

*Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз!*

*Асқақтаған хан болса,
Сөз ұқпайтын лаң болса,*

Қанға -қан, жанға - жан алатынымызды жасырмаған елміз!

Атадан ұл туғанда - құл боламын деп тумайды,

Анадан қыз туса - құң боламын деп тумайды.

*Ұл менен қызды қаматып,
Намысқа шаппай тұн қатып,*

Көз жұмып кекке текке отыра алмайтын елміз!,- деп толғаған еді.

Бұл атақты үш бидің бірі - Қазыбек би Атадібекұлының сөзі.

Біздің Ұлы даланың тарихы өзге елден келген саяхатшылардың айтуымен сақталған. Мәселен, Византияның көпестері, Қытайдың елшілері, кешегі Ресейдің саяхатшылары, миссионерлерін қосып есептегенде, бәрі де кісі аттарын, жер - су аттарын ажырата алмайтай етіп өзгертіп жіберген. Қазақ даласының бұрынғы заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін ұрпақтар сабақтастығы, байтақ тарих тағылымы үзілмей жалғасып келеді. Ұлы далада есіп - өніп келе жатқан халықтың тегінің бір екені бөсенеден белгілі еді. Бүгінгі қазақ халқының құраған, бір кездері әртүрлі мемлекет аталған ру - тайпалардың құт мекені, ата қонысы осы Ұлы дала еді. Қазақ жаратылысынан, тегінен шешен, кемеңгер халық. Халқымыздың байтақ тарихын тереңінен тартып, нақты деректермен зерттеуді ғана қажет етеді.

ХХ ғасырдың соңында, жаңа мыңжылдықтың басында тәуелсіз мемлекет құрдық. Бұл бұрын - соңды болмаған оқиға еді. Тәуелсіздікті алу да, оны баянды ету де, мемлекетті орнату да, оны орнықтыру да, оңай емес. Осы орайда бұралаң - бұлтартысы көп шырғалаң жолдан елімізді аман алып шығып, бүгінге жеткізген Елбасының ерен еңбегінің, салиқалы, терең саясатының мемлекеттігімізді қалыптастырып, оны орнықтырып, баянды ету жолындағы орасан еңбегінің тарихымызда алтын әріппен жазылатындығына еш күмән жоқ. «Тәуелсіздік шежіресі» - Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік экономиканың ғаламдану жағдайында бөсекеге қабілетті, экономикада - шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсіліне, саясатта - дәйекті демократияға, идеологияда - пікір алуандығына негізделген әлеуметтік бағдарлы мемлекет орнатудың қазақстандық моделін қалыптасты-



руға және еліміздің дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына құқықтық негіз қалайтын әр кезең бойынша өмірге жолдама алған заңнамалық актілердің атауларын қамтыды. Тәуелсіз мемлекеттің Президенті ретінде Елбасымыз саяси қызметінің алғашқы күндерінің өзінде - ақ мемлекетті құру және ұлттық мемлекеттілікті жасапаздықпен баянды етуді көздеген айқын идеяны ұстанды. Бұл мәселе Елбасының 1996 жылдан басталған Қазақстан халқына жолдауларында толық қамтылған. Елбасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің бай тәжірибесін таразылай отырып, тәуелсіздігін жаңа алған еліміздің жаһандық өркеніне көшіне қосылуының бірден - бір дұрыс жолын нұсқап және жүзеге асыруды өз жауапкершілігіне алып, оны жыл сайынғы халыққа арнаған жолдауларында егжей - тегжей баяндап келеді. Осы уақытқа дейін қаншама құрылтайлар өткізіп, алпауыт мемлекеттердің ішінде дербес болып қалыптаса алды. Егемендігімізді алысымен - ақ ТМД, БҰҰ және ДСҰ-ға мүше болдық. Үш ұйықтасақ та түсімізге енген ЕЫҚҰ төрағалық етіп, ел ордамыз Астанада саммит өткіздік. Мұның бері бабаларымыз аңсап, арман еткен тілектері.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы ел тарихында жаңа әрі үлкен меже. Буыны кеше ғана қатайған мемлекет болсақ та, елбасының салмақты саясатының арқасында не бәрі 20 жылдың ішінде басқа мемлекеттер 200 жыл бойы атқара алмаған істерге қол жеткіздік. Қай қырынан алсақ та қуаты мол мемлекет құрдық. Осы жетістікті өзгелердің алдында мақтанышпен айтуға болады.

**Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,
Шарбақты селосы.**